



АҚ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры

**2025 жылдың 1-тоқсанына арналған Халықаралық
қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған
аудиттелмеген аралық қысқартылған қаржылық есептілік**

АҚ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры
Қаржылық жағдай туралы есеп

(мың қазақстан теңгесімен)		Ескерт.	2025 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)	2024 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	4		133,261,172	124,564,933
Қаржы ұйымдарындағы қаражаттар	5		274,839,986	293,768,064
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек			337,109	55,643
Клиенттерге берілген кредиттер мен аванстар	6		576,254	668,723
Қарыздық бағалы қағаздарға инвестициялар	7		3,913,566	7,503,801
Негізгі құралдар			2,396,753	2,495,709
Материалдық емес активтер			211,325	229,715
Пайда салығы бойынша ағымдағы міндеттемелерге алдын ала төлем			5,075,483	4,591,763
Кейінге қалдырылған салықтық актив			2,439,458	2,439,458
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер			131,295	131,295
Басқа активтер	8		10,155,395	464,724
АКТИВТЕР ЖИЫНТЫҒЫ			433,337,796	436,913,828
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Қарыз қаражаттары	9		146,084,578	154,845,019
Шығарылған қарыздық бағалы қағаздар			1,005,289	1,035,039
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	10		13,096,197	10,970,035
Келешек кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтер	11		74,108,058	69,844,640
Басқа міндеттемелер	12		1,348,081	1,724,479
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫ			235,642,203	238,419,212
КАПИТАЛ				
Акционерлік капитал	13		102,920,273	102,920,273
Қосымша төленген капитал			8,648,785	8,648,785
Әділетті құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры, өзге жиынтық табыс			(216,960)	(254,287)
Басқа резервтер			316,430	316,430
Бөлінбеген пайда			86,027,065	86,863,415
КАПИТАЛ ЖИЫНТЫҒЫ			197,695,593	198,494,616
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНТЫҒЫ			433,337,796	436,913,828
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	14		114,411	7 141,53
Басқарма Төрағасының орынбасары: Мустафин А.Б. (тегі, аты, әкесінің аты)				
Бас бухгалтер: Бекмуратова А.Т. (тегі, аты, әкесінің аты)				



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Пайда немесе зиян және өзге жиынтық табыс туралы есеп

(мың қазақстан теңгесімен)	Ескер.	Аяқталатын үш ай	
		2025 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)	2024 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кірістер	16	10,196,771	9,017,945
Ұқсас өзге де кірістер	16	1,734	1,673
Пайыздық шығыстар	16	(2,621,488)	(1,857,199)
Таза пайыздық кірістер		7,577,017	7,162,419
Несие алушылар мен қаржы ұйымдарындағы қаражаттар бойынша берілген кредиттер мен аванстарға қатысты кредиттік залалдарға арналған бағалау резервін қалпына келтіру / (қалыптастыру)		(1,006,446)	(69,434)
Кредиттік портфельді қамтамасыз ету резервін қалыптастырғаннан кейінгі таза пайыздық кірістер		6,570,571	7,092,985
Таза комиссиялық кірістер	17	9,645,310	6,878,538
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін есептен шығару нәтижесіндегі кірістер мен шығыстар	18	55,954	125,813
Әділ құн бойынша бағаланатын қарыздық бағалы қағаздардан алынған кірістер мен шығыстар		(7,713)	3,091
Шетел валютасымен операциялардан алынған кірістер мен шығыстар		-	-
Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер мен шығыстар		(138,588)	(50,917)
Қарыздық бағалы қағаздарды құнсыздандыру		-	200
Басқа активтерді қамтамасыз ету резервін қалпына келтіру / резервке аудару		(184)	(58,080)
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті қалпына келтіру / (резервке аудару)	19	(2,272,846)	936,130
Таза өзге операциялық кірістер / (шығыстар)		19,682	41,444
Қор бағдарламаларын іске асыруға арналған шығыстар		(497,801)	(514,668)
Жалпы және өкімшілік шығыстар		(1,948,514)	(1,796,420)
Салық салынғанға дейінгі пайда		11,425,871	12,658,116
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар		(2,209,854)	-
ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫНДАҒЫ ПАЙДА		9,216,017	12,658,116
Өзге жиынтық табыс:			
<i>Кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>			
Әділ құн бойынша өзге жиынтық табыс арқылы бағаланатын қарыздық бағалы қағаздарға салынған инвестициялар:		37,327	28,364
Жыл қорытындысындағы өзге жиынтық залал		37,327	28,364
ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫНДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС		9,253,344	12,686,480

Екі кезең бойынша пайда мен жиынтық табыстың жалпы сомасы толығымен Қордың акционеріне тиесілі.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Капиталдағы Өзгерістер туралы Есеп

(мың қазақстан теңгесімен)	Акциянерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Әділ құн арқылы өзге жиынтық табыс ретінде бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры	Басқа резервтер	Бөлінбеген (зиян) / пайда	Барлығы
2024 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	102,920,273	10,735,627	(363,647)	316,430	86,963,526	200,572,209
Жыл қорытындысындағы пайда	-	-	-	-	12,658,116	12,658,116
Өзге жиынтық залал	-	-	28,364	-	-	28,364
2024 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай ішіндегі жиынтық табыс (аудиттелмеген)			28,364	-	12,658,116	12,686,480
Капиталға салымдар		-	-	-	-	
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	-	
2024 жылғы 31 наурыздағы қалдық (аудиттелмеген)	102,920,273	10,735,627	(335,283)	316,430	99,621,642	213,258,689
2025 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	102,920,273	8,648,785	(254,287)	316,430	86,863,415	198,494,616
Жыл қорытындысындағы пайда	-	-	-	-	9,216,017	9,216,017
Өзге жиынтық залал	-	-	37,327	-	-	37,327
Қарыз бойынша дисконт					(10,052,367)	(10,052,367)
2025 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай ішіндегі жиынтық табыс (аудиттелмеген)			37,327	-	(836,350)	(799,023)
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	-	
2025 жылғы 31 наурыздағы қалдық (аудиттелмеген)	102,920,273	8,648,785	(216,960)	316,430	86,027,065	197,695,593

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

	Аяқталатын үш ай	
	2025 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)	2024 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)
<i>(мың қазақстан теңгесімен)</i>		
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары:		
Алынған пайыздар	4,628,440	5,080,950
Төленген пайыздар	(102,244)	(110,809)
Алынған комиссиялар	3,406,197	15,651,996
Төленген комиссиялар	(23,456)	(18,670)
Басқа операциялық қызметтен түсімдер	16,193	88,703
Еңбекақы төлеуге жұмсалған шығындар	(1,424,303)	(1,298,955)
Жалпы және әкімшілік шығыстар, төленген	(1,458,472)	(927,400)
Төленген пайда салығы	(2,209,854)	-
Операциялық қызметтегі активтер мен міндеттемелерге өзгерістер енгізілгенге дейін алынған ақша қаражаттары	2,832,501	18,465,815
<i>Таза өсім / (азаю):</i>		
- қаржы ұйымдарындағы қаражаттар бойынша	2,732,273	(6,593,866)
- клиенттерге берілген кредиттер мен аванстар бойынша	457,565	(114,678)
- қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша	522	-
- басқа қаржылық активтер бойынша	(2,340,363)	(3,786,832)
- басқа активтер бойынша	1,048	-
<i>Таза өсім / (азаю):</i>		
- басқа қаржылық міндеттемелер бойынша (субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер)	1,970,661	82,627,572
- басқа міндеттемелер бойынша	24,954	166,604
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары	5,679,161	90,764,615
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттары		
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	-	(3,075,000)
Инвестициялық бағалы қағаздарды сату және өтеу бойынша түсімдер	5,265,201	1,363,816
Негізгі құралдарды сатып алу	-	(6,668)
Материалдық емес активтерді сатып алу	-	-
Сатуға арналған активтерді сатудан түскен түсімдер	-	200
Инвестициялық қызметке пайдаланылған таза ақша қаражаттары	5,265,201	(1,717,652)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттары		
Қарыз қаражаттарын тарту	-	325,000
Қарыз қаражаттарын өтеу	(2,188,861)	(1,043,001)
Шығарылған қарыздық бағалы қағаздардан түсімдер	-	-
Ұзақ мерзімді жалдау бойынша өтеу	(59,090)	(49,105)
Акционерлерден капиталға жарналар	-	-
Төленген дивидендтер	-	-
Қаржылық қызметке пайдаланылған таза ақша қаражаттары	(2,247,951)	(767,106)
Валюталық бағам өзгерісінің ақша қаражаттары мен олардың баламаларына әсері	(274)	(120)
Қамтамасыз ету резервінің өзгерісі нәтижесіндегі ақша қаражаттары мен олардың баламаларына әсері	102	11,011
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза (азаюы) / таза өсімі	8,696,239	88,290,748
Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	124,564,933	124,974,982
Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	133,261,172	213,265,730

1 Кіріспе

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) 1997 жылғы 26 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің №665 қаулысына сәйкес құрылған. Қор акционерлік қоғам ретінде тіркелген және өз қызметін Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асырады, қаржылық қызмет көрсететін және шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсететін даму институты болып табылады.

2025 және 2024 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Қордың жалғыз акционері – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – «Ана компания» немесе «Жалғыз акционер»). Қордың түпкілікті акционері – Қазақстан Республикасының Үкіметі. Байланысты тараптармен операциялар туралы ақпарат 22-ескертпеде ашып көрсетілген.

Негізгі қызмет түрі. Қордың негізгі қызметі – Қазақстанда шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін банктер, микроқаржы ұйымдары және лизингтік компаниялар арқылы несиелеу бағдарламалары шеңберінде қаржыландыруды қамтамасыз ету, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдендіру, консультациялық қолдау көрсету, ақпараттық-талдамалық материалдарды тарату. Қор бұл мақсаттар үшін меншікті және қарыз қаражатты пайдаланады.

Қордың 20 өңірлік филиалы бар. Бас кеңсе Алматы қаласында орналасқан. 2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Қорда 458 қызметкер жұмыс істейді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 435 қызметкер)

Заңды мекенжайы және қызметін жүзеге асыратын орны. Қор келесі мекенжай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 111.

2 Қор қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

Қазақстан Республикасы. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарық сипаттарына ие және дамып келе жатқан нарық ретінде сипатталады. Сонымен қатар, Қазақстандағы қаржы секторы саяси, заңнамалық, қаржылық және реттеушілік өзгерістерге бейімділікке ие. Ұлттық валюта бағамының, пайыздық мөлшерлемелер мен шикізат тауарларына бағаның ауытқуы сақталып отыр.

Экономикалық орта Қордың қызметіне және қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Басшылық Қор қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілетті деп есептейді. Алайда, алдағы экономикалық жағдай мен осы ортадағы өзгерістерге қатысты белгісіздік сақталуда. Қазақстандағы ағымдағы экономикалық жағдай мен қабылданып жатқан фискалдық және монетарлық шаралар, сондай-ақ болашақта қабылдануы мүмкін шаралар, Қордың болашағына әсер етуі мүмкін және бұл жағдайлар Қордың бақылауынан тыс.

3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша сипаттау

Есептілікті ұсынудың негіздері. Осы қысқартылған аралық қаржылық есептілік ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілік» стандартына сәйкес дайындалған және 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған Қордың жылдық қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс. Жылдық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған.

Құнды айқындау негізі. Бұл қаржылық есептілік тарихи құн негізіндегі есепке алу қағидаларына сүйене отырып, қаржылық құралдарды бастапқы тану кезінде әділ құнды ескерумен және әділ құн арқылы пайда немесе залал бойынша, сондай-ақ өзге жан-жақты кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық құралдарды қайта бағалаумен дайындалды.

Қызметті үздіксіз жалғастыру болжамы. Қор басшылығы бұл аралық қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіз жалғасу болжамы негізінде дайындады.

Аралық қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы және функционалдық валюта. Қордың функционалдық валютасы – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы болып табылатын қазақстандық теңге («теңге»). Бұл валюта Қор жүзеге асыратын операциялардың және оларға байланысты жағдайлардың экономикалық мәнін ең жақсы көрсетеді.

Теңге осы аралық қаржылық есептіліктің ұсыну валютасы болып табылады.

Егер өзгеше көрсетілмесе, теңгемен ұсынылған барлық сандық көрсеткіштер жақын мыңға дейін дөңгелектелген.

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған **есеп саясаты қағидаттары** төменде келтірілген.

Қаржы құралдары – бағалау тәсілдерінің негізгі көзқарастары. Әділ (нарықтық) құн – бұл активті сату немесе міндеттемені беру кезінде бағалау күнінде нарық қатысушылары арасында өз еркімен жасалатын мәміле барысында алынуы немесе төленуі мүмкін баға. Әділ құнның ең сенімді дәлелі – белсенді нарықтағы котировка (баға белгілеуі). Белсенді нарық – бұл активпен немесе міндеттемемен мәмілелер жеткілікті жиілікпен және жеткілікті көлемде жасалатын, нәтижесінде баға туралы ақпаратты тұрақты түрде алуға мүмкіндік беретін нарық. Белсенді нарықта айналымда жүрген қаржы құралдарының әділ құны – кәсіпорын иелігіндегі әрбір жеке активке немесе міндеттеме бірлігіне қатысты котировка бағасы мен олардың санының көбейтіндісі ретінде есептеледі. Бұл тәсіл, егер нарықтың әдеттегі күндік сауда айналымы кәсіпорын иелігіндегі активтер мен міндеттемелердің көлемін сіңіруге жеткілікті болса да, және оларды бір реттік мәміле арқылы сатуға тапсырыс беру котировка бағасына әсер етуі мүмкін болса да, қолданылады. Әділ құнды бағалау кезінде сұраныс пен ұсыныс арасындағы спрэд шегіндегі баға пайдаланылды, бұл жағдайға сәйкес әділ құнды ең жақсы бейнелейтін баға болып табылады және Қор басшылығы оны есепті күнгі соңғы мәміле бағасына тең деп есептейді. Қаржы активтерінің бағалауы үшін пайдаланылған котировка – ағымдағы сұраныс бағасы, ал қаржы міндеттемелері үшін – ағымдағы ұсыныс бағасы.

Мәміле шығындары – бұл қаржы құралын сатып алуға, шығаруға немесе есептен шығаруға тікелей байланысты қосымша шығындар. Қосымша шығындар – бұл мәміле болмаса, орын алмас еді деген шығындар. Мәміле шығындарына агенттерге (оның ішінде сауда агенттері рөліндегі қызметкерлерге), кеңесшілерге, брокерлер мен дилерлерге төленетін сыйақылар мен комиссиялар, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін алымдар, сондай-ақ меншік құқығын беру кезінде алынатын салықтар мен төлемдер жатады. Мәміле шығындарына қарыз міндеттемелері бойынша сыйақылар немесе дисконттар, қаржыландыру шығындары, ішкі өкімшілік шығындар немесе сақтау шығындары кірмейді.

Амортизацияланған құн – бұл активтің бастапқы құны, негізгі қарыз сомасы төленгеннен кейінгі қалдық, оған есептелген пайыздық кірістер қосылады және қаржы активтері жағдайында – құнсызданудан болған залалдар бойынша кез келген есептен шығару шегеріледі. Есептелген пайыздарға бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған мәміле шығындарының амортизациясы, сондай-ақ өтеу сомасына қатысты кез келген сыйақы немесе дисконттың амортизациясы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, кіреді. Есептелген пайыздық кірістер мен есептелген пайыздық шығыстар, оның ішінде есептелген купондық кірістер мен амортизацияланған дисконт немесе сыйақы (оның ішінде, егер бар болса, кейінге қалдырылған комиссиялар), жеке көрсетілмейді және қаржылық жағдай туралы есептегі тиісті баптардың баланстық құнына қосылады.

3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны (жалғасы)

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл құралдың баланстық құнына тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлемені) қамтамасыз ету мақсатында сәйкес кезең ішінде пайыздық кірістер мен шығыстарды тану әдісі.

Қаржы құралдарын бастапқы тану. Пайдалар немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша танылады. Қалған барлық қаржы құралдары бастапқыда мәміле шығындарын қоса алғанда, әділ құн бойынша есепке алынады. Бастапқы тану кезінде әділ құнның ең сенімді дәлелі – бұл мәміле бағасы. Пайда немесе залал бастапқы тану кезінде тек келесі жағдайда есепке алынады: егер әділ құн мен мәміле бағасының арасында айырма болса және бұл айырманы растауға нарықтағы сол құралмен жасалған басқа ағымдағы мәмілелер немесе тек қана бақыланатын нарықтық деректерге сүйенетін бағалау әдісі негіз бола алады. Бастапқы танудан кейін амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтеріне және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдарға қатысты күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві танылады, бұл активтің бастапқы тануынан кейін бірден бухгалтерлік залалды тануға алып келеді.

Қаржы активтерінің құнсыздануы: күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві. Қор борыштық құралдар бойынша (амортизацияланған құн бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын), сондай-ақ несие беруге байланысты міндеттемелер мен қаржылық кепілдік шарттары бойынша туындайтын тәуекелдерге қатысты күтілетін кредиттік шығындарды болжауға негізделі отырып бағалайды. Қор күтілетін кредиттік шығындарды бағалап, әрбір есепті күнге кредиттік шығындарға арналған бағалау резервін танытады. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау келесі көрсеткіштерді қамтиды: (i) ықтимал нәтижелер ауқымын бағалау арқылы анықталған, бейтарап және ықтималдықпен өлшенген сом, (ii) ақшаның уақыттық құны және (iii) есепті күнге қолжетімді, артық шығындар мен күш-жігерсіз алуға болатын өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар мен болашақтағы экономикалық жағдайлар бойынша барлық негізделген және расталатын ақпарат.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар қаржылық жағдай туралы есепте күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервін шегерумен көрсетіледі. Несие міндеттемелері мен қаржылық кепілдіктер бойынша қаржылық жағдай туралы есептегі міндеттемелер құрамында күтілетін кредиттік шығындарға арналған жеке резерв танылады. Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдардың амортизацияланған құнының өзгерістері (күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервін есепке алмағанда) пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Баланстық құндағы өзге өзгерістер өзге жиынтық кіріс құрамында «өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын борыштық құралдар бойынша кірістер мен шығыстардың айырмасы» бабы бойынша көрсетіледі.

Қаржы активтерін тануды тоқтату. Қор қаржы активтерін келесі жағдайларда танудан шығарады: (а) бұл активтер өтелген жағдайда немесе осы активтермен байланысты ақша қаражаттарының ағындары бойынша құқықтар өзге түрде тоқтаған кезде; немесе (б) Қор бұл ақша қаражаттары ағындары бойынша құқықтарды басқаға берген не беруге қатысты келісім жасасқан және бұл ретте: (i) бұл активтерге меншік құқығымен байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен пайдаларды берсе; немесе (ii) меншік құқығымен байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен пайдаларды бермесе де, сақтамаса да, бірақ бұл активтерге қатысты бақылауды жоғалтса. Егер қарсы тарап активті тәуелсіз үшінші тарапқа ешқандай шектеусіз толық сатуға нақты мүмкіндігі болмаса, онда бақылау сақталып қалады.

Қаржы активтерін қайта құрылымдау. Кей жағдайларда Қор қаржы активтері бойынша шарт талаптарын қайта қарайды немесе өзгертеді. Қор шарттық ақша ағындарын өзгерту мәнді ме екенін бағалайды, бұл ретте келесі факторлар ескеріледі: жаңа шарттардың пайда болуы, олардың активтің тәуекелдік бейініне айтарлықтай әсер етуі (мысалы, кіріске қатысу немесе меншікті капитал кірісі), пайыздық мөлшерлеменің елеулі өзгерісі, валюталық деноминацияның өзгеруі, жаңа немесе қосымша кепілдіктің пайда болуы, бұл активпен байланысты кредиттік тәуекелге айтарлықтай әсер етеді, сондай-ақ қарыз алушы қаржылық қиындықтарға тап болмаған жағдайда несие мерзімінің елеулі ұзартылуы.

Ақша қаражаттары және олардың баламалары. Ақша қаражаттары және олардың баламалары – нақты бір ақша сомасына оңай айналдырылатын және құн өзгерісі бойынша тәуекелі өте төмен баптар. Ақша қаражаттары және олардың баламаларына бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан аспайтын басқа банктердегі банкаралық депозиттер мен кері РЕПО шарттары кіреді. Қолданылуы 3 айдан асатын мерзімге шектеу қойылған қаражаттар бұл санатқа кірмейді. Ақша қаражаттары және олардың баламалары амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны (жалғасы)

Басқа банктердегі қаражаттар. Қор басқа банктерге аванстық төлемдер түрінде ақша қаражаттарын ұсынған кезде бұл қаражаттар есепке алынады. Егер (i) қаражаттар шартқа сәйкес ақша ағындарын алу үшін ұсталып отырса және бұл ақша ағындары негізгі қарыз сомасы мен пайыздар бойынша төлемдерден ғана тұрса, және

(ii) олар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмаса, онда бұл қаражаттар амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар. Іскерлік үлгі мен ақша ағындарының сипаттамалары негізінде Қор борыштық бағалы қағаздарға инвестицияларды мынадай бағалау санаттарының біріне жатқызады: амортизацияланған құн бойынша, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша немесе пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша. Егер борыштық бағалы қағаздар шартпен көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталып отырса, бұл ақша ағындары тек негізгі қарыз сомасы мен пайыздар бойынша төлемдерден тұрса және олар есеп саясатының сәйкес келмеуін айтарлықтай төмендету мақсатында ерікті түрде пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде айқындалмаса, онда олар амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Клиенттерге берілген несиелер мен аванстар. Қор клиенттің несиесін сатып алу немесе клиентке несие беру мақсатында клиенттерге аванстық төлемдер түрінде ақша қаражаттарын ұсынған кезде несиелер мен аванстар есепке алынады. Іскерлік үлгі мен ақша ағындарының сипаттамалары негізінде Қор клиенттерге берілген несиелер мен аванстарды келесі бағалау санаттарының біріне жатқызады: (i) амортизацияланған құн бойынша – шартпен көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталып отырған, тек негізгі қарыз сомасы мен пайыздар бойынша төлемдерден тұратын несиелер, сондай-ақ ерікті түрде пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде танылмаған несиелер; (ii) пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша – SPPI-тестінің (негізгі сома мен пайыздарға сәйкестік тесті) немесе амортизацияланған құн немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалау критерийлеріне сәйкес келмейтін несиелер, олар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады.

Қаржылық кепілдіктер. Қаржылық кепілдіктер Қордан кепілдік ұстаушыға кепілдендірілген дебитор бастапқы немесе өзгертілген шарттар бойынша қарыз құралын уақтылы өтемеген жағдайда шеккен залалдарын өтеу үшін белгілі бір төлемдерді жүзеге асыруды талап етеді. Қаржылық кепілдіктер бастапқыда, әдетте алынған сыйақы сомасымен расталатын әділ құн бойынша танылады. Бұл сома кепілдік мерзімі ішінде тура сызықты әдіспен амортизацияланады. Әрбір есепті кезең соңында міндеттемелер келесі екі көрсеткіштің үлкен мәні бойынша бағаланады: (i) күтілетін кредиттік шығындар моделін пайдалану арқылы есептелген кепілдік бойынша залалдарға арналған бағалау резерві сомасы; және (ii) бастапқы тану кезінде көрсетілген соманың амортизацияланбаған қалдығы. Бұдан бөлек, қаржылық жағдай туралы есепте актив ретінде танылатын сыйақы бойынша дебиторлық берешекке қатысты да күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві танылады.

Міндеттемелерді орындау кепілдіктері. Міндеттемелерді орындау кепілдіктері – шарт бойынша қарама-қарсы тарап келісімде көзделген міндеттемені орындамаған жағдайда өтемақы алуды қарастыратын келісімшарттар. Мұндай шарттар несиелік тәуекелмен қатар келісімшарттық міндеттемені орындамау тәуекелін де қамтиды. Міндеттемелерді орындау кепілдіктері бастапқыда, әдетте алынған сыйақы сомасымен расталатын әділ құн бойынша танылады. Бұл сома шарт мерзімі ішінде тура сызықты әдіспен амортизацияланады. Әрбір есепті кезең соңында мұндай кепілдік шарттары төмендегі екі соманың үлкен мәні бойынша бағаланады: (i) бастапқы тану сомасының амортизацияланбаған қалдығы; және (ii) есепті кезеңнің соңына қарай шартты реттеу үшін қажет болатын шығындардың ең жақсы бағалауы, ағымдағы құнға дейін дисконтталған түрде. Егер Қорда шартқа сәйкес кепілдік бойынша өтемақы алған бенефициарға залалды өтеу үшін төленген сомаларды клиенттен қайтарып алуға құқығы болса, онда бұл сомалар бенефициарға өтемақы берілгеннен кейін актив ретінде танылады. Бұл төлемдер пайда немесе залал құрамында комиссиялық кіріс ретінде танылады.

Қарыз қаражаттар. Қарыз қаражаттар Қор контрагенттерден ақша қаражаттары немесе өзге активтерді алған сәттен бастап есепке алынады. Деривативтік емес қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құн бойынша есепке алынады. Егер Қор өзінің меншікті қарызын сатып алса, бұл міндеттеме қаржылық жағдай туралы есептен алып тасталады, ал міндеттеменің баланстық құны мен төленген сома арасындағы айырма қарызды реттеу кірісі немесе шығысы ретінде танылады.

Қарыз қаражаттары акционерден алынған жағдайда, Қор бұл қаражаттың әділ құнын анықтап, әділ құн мен алынған ақша қаражаты арасындағы айырманы таниды. Бұл айырма алынған қаражаттың мақсатына байланысты пайда немесе залал туралы есепте немесе Қордың меншікті капиталы құрамында көрсетіледі. Аталған жіктеуді айқындау кезінде қолданылған бағалаулар мен кәсіби пайымдар 4-ескертпеде келтірілген.

3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны (жалғасы)

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар. Шығарылған борыштық бағалы қағаздарға Қор шығарған облигациялар кіреді. Борыштық бағалы қағаздар амортизацияланған құн бойынша есепке алынады. Егер Қор өзінің шығарған борыштық бағалы қағаздарын сатып алса, олар қаржылық жағдай туралы есептен алынып тасталады, ал міндеттеменің баланстық құны мен төленген өтемақы арасындағы айырма мерзімінен бұрын қарызды реттеу кірісі ретінде танылады.

Субсидиялау бағдарламалары. Субсидиялар – бұл Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе уәкілетті орган тарапынан әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар мақсатында ұсынылатын қаржыландыру. Қор субсидиялау бағдарламалары бойынша агент ретінде әрекет етеді. Үкіметтен алынған қаржыландыру субсидиялау бағдарламалары бойынша қаражат өтелгенге дейін міндеттеме ретінде танылады. Қаржыландыру жергілікті банктерге Үкімет субсидиялаған жобалар үшін төлем ретінде орналастырылады. Қор өз қаражатын жергілікті банктерге аударған кезде бұл төлем мемлекеттік қаржыландыру алынғанға дейін субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек ретінде есепке алынады.

Пайыздық кірістер мен шығыстарды тану. Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатындардан басқа барлық борыштық құралдар бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептеліп, есептеу әдісімен танылады. Бұл есептеуге тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын барлық комиссиялар мен төлемдер, шарт тараптарымен төленген және алынған, сондай-ақ мәміле шығындары және өзге де барлық сыйақылар мен жеңілдіктер пайыздық кірістер мен шығыстар құрамына енгізіледі. Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша номиналды пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздық кіріс пайда немесе залал құрамында «Басқа ұқсас кірістер» бабында танылады.

Тиімді пайыздық мөлшерлемеге қатысты комиссияларға ұйым қаржы активін қалыптастыру немесе сатып алу, не қаржылық міндеттемені шығару кезінде алған немесе төлеген комиссиялар жатады (мысалы, несиелік қабілеттілікті бағалауға, кепіл немесе қамтамасыз етуді бағалауға немесе есепке алуға, құралды ұсыну шарттарын реттеуге және мәміле бойынша құжаттарды өңдеуге қатысты комиссиялар). Қор нарықтық мөлшерлемелер бойынша несиені беру үшін алған міндеттеме бойынша комиссиялар Қор нақты несиенің шартына қол қоюы ықтимал және несиені ұсынғаннан кейін оны қысқа мерзім ішінде сатуды жоспарламайтын болса, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылады. Қор несиелерді ұсыну міндеттемесін пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттеме ретінде жіктемейді.

Құрылған немесе сатып алынған кредиттік құнсызданған қаржы активтері бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл бастапқы тану кезіндегі әділ құнға (әдетте сатып алу бағасына) дисконттау арқылы күтілетін ақша ағындарын (бастапқыда күтілетін кредиттік шығындарды қоса алғанда) келтіретін мөлшерлеме. Соның нәтижесінде тиімді пайыздық мөлшерлеме кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген болады.

Пайыздық кіріс қаржылық активтердің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлеме қолдану арқылы есептеледі, келесі жағдайларды қоспағанда: (i) құнсызданған қаржылық активтер (3-кезең), мұнда пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизацияланған құнға (күтілетін кредиттік шығындар резервін шегерумен) қолдану арқылы есептеледі; (ii) құрылған немесе сатып алынған кредиттік құнсызданған қаржылық активтер, мұнда бастапқыда кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизацияланған құнға қолданылады.

4 Ақша қаражаттары және олардың баламалары

<i>(мың қазақстан теңгесімен)</i>	2025 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)	2024 жылғы 31 желтоқсан
ҚР Қаржы министрлігіндегі (ҚР ҚМ) талап етілгенге дейінгі шоттардағы қалдықтар	72,047,201	72,047,201
Кері сатып алу шарттары (кері РЕПО) бойынша бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем келісімшарттар	44,658,586	40,785,035
Банктік талап етілгенге дейінгі шоттардағы қалдықтар	15,754,647	11,298,234
ҚРҰБ шоттарындағы қалдықтар (міндетті резервтерден басқа)	800,813	434,640
ҚРҰБ нотапарының өтеу мерзімі үш айдан кем	-	-
Кепілдік бойынша резервті шегергенде	(75)	(177)
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының жиыны	133,261,172	124,564,933

Талап етілгенге дейінгі банктік шоттардағы қалдықтар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін субсидиялауға арналған қаражаттарды қамтиды (10-ескертпені қараңыз).

5 Қаржы ұйымдарындағы қаражаттар

<i>(мың қазақстан теңгесімен)</i>	2025 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)	2024 жылғы 31 желтоқсан
Қаржы ұйымдарына берілген кредиттер	194,852,915	212,357,114
Исламдық қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде берілген кредиттер	13,649,190	13,371,389
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын банктердегі депозиттер	48,769,961	48,632,755
Қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары	23,852,637	25,481,938
Кредиттерді қамтамасыз ету резервін шегерумен	(6,284,717)	(6,075,132)
Қаржы ұйымдарындағы қаражаттардың жиыны	274,839,986	293,768,064

2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша қаржы ұйымдарына берілген кредиттердің баланстық қалдығындағы елеусіз өзгеріс жоспарлы және мерзімінен бұрынғы өтеулерге байланысты болды.

Берілген қаражаттардың өділ құны туралы ақпарат 21-ескертпеде келтірілген.

6 Клиенттерге берілген кредиттер мен аванстар

<i>(мың қазақстан теңгесімен)</i>	2025 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)	2024 жылғы 31 желтоқсан
Шағын және орта кәсіпорындарға берілген кредиттер	645,707	738,279
Төленген кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек (резервті шегерумен)	128,428	129,461
Кредиттік портфельді қамтамасыз ету резервін шегерумен	(197,881)	(199,017)
Клиенттерге берілген кредиттер мен аванстардың жиыны	576,254	668,723

Ресей банктерінің еншілес банктеріне Қазақстан аумағында санкциялар енгізу тәуекелінің жоғарылауына байланысты, Қор аталған банктерде орналастырылған қаражат көлемін азайту бойынша шаралар қабылдады. 2022 жылы Қор цессия шартына қол қойып, осы банктердің Қор алдындағы берешегін өтеу мақсатында олардың кредиттік портфелін қабылдады. 2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша кредиттер балансының төмендеуі жоспарлы және мерзімінен бұрынғы өтеулерге байланысты байқалады.

Төленген кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек – бұл Қор шағын және орта бизнес субъектілеріне берген қаржылық кепілдіктер бойынша, аталған компаниялар екінші деңгейлі банктердегі кредиттері бойынша дефолт жағдайы туындауына байланысты Қор жүзеге асырған төлемдерге қатысты Қордың талаптары. Тарихи тұрғыда Қор бұл дебиторлық берешек бойынша өтеусіз төлемдерді аз көлемде алған, сондықтан осы берешектің толық сомасына күтілетін кредиттік шығындарға резерв танылды.

7 Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар

(мың қазақстан теңгесімен)	2025 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)	2024 жылғы 31 желтоқсан
Әділ құн арқылы өзге жиынтық кіріс бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	3,847,194	7,424,916
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	-	-
Бастапқы тану кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады деп айқындалған борыштық бағалы қағаздар	66,372	78,885
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиыны	3,913,566	7,503,801

Төмендегі кестеде 2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар санаттар мен бағалау сыныптары бойынша ашып көрсетілген.

(мың қазақстан теңгесімен)	Бастапқы тану кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады деп айқындалған борыштық бағалы қағаздар	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	Амортиза цияланған құн бойынша бағаланат ын борыштық бағалы қағаздар	Жиыны
ҚР ҰБ ноталары	-	-	-	-
Қазақстан мемлекеттік облигациялары	66,372	-	-	66,372
Корпоративтік облигациялар	-	3,847,194	-	3,847,194
Басқа корпоративтік эмитенттердің облигациялары	-	-	-	-
2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиыны	66,372	3,847,194	-	3,913,566
Кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві	-	-	-	-
2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар (баланстық құн)	66,372	3,847,194	-	3,913,566

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар санаттар мен бағалау сыныптары бойынша ашып көрсетілген.

(мың қазақстан теңгесімен)	Бастапқы тану кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады деп айқындалған борыштық бағалы қағаздар	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	Амортизаци яланған құн бойынша бағаланаты н борыштық бағалы қағаздар	Жиыны
Қазақстан мемлекеттік облигациялары	78,885	3,469,695	-	3,548,580
Корпоративтік облигациялар	-	3,955,221	-	3,955,221
Басқа корпоративтік эмитенттердің облигациялары	-	-	-	-
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиыны	78,885	7,424,916	-	7,503,801
Кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві	-	-	-	-
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар (баланстық құн)	78,885	7,424,916	-	7,503,801

8 Өзге активтер

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2025 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)	2024 жылғы 31 желтоқсан
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын дебиторлық берешек	9,715,464	190,054
Қамтамасыз ету резервін шегерумен	(121,410)	(121,550)
Өзге активтер құрамындағы қаржылық активтердің жиыны	9,594,054	68,504
Төлемдер бойынша алынған қамтамасыз ету	17,047	16,936
Табыс салығынан басқа салықтар	157,609	146,865
Қызметтерге алдын ала төлем	334,007	174,378
Шикізат пен материалдар	46,980	50,904
Аяқталмаған құрылыс	120	120
Басқа	50,211	53,636
Қамтамасыз ету резервін шегерумен	(44,633)	(46,619)
Өзге активтердің жиыны	10,155,395	464,724

Төлемсіздікке байланысты меншікке алынған қамтамасыз ету Қордың мерзімі өткен кредиттерді реттеу барысында алған жылжымайтын мүлік объектілерін білдіреді. Қор бұл активтерді болжамды болашақта өткізуді жоспарлап отыр. Бұл активтер ұзақ мерзімді сатуға арналған активтер айқындамасына сәйкес келмейді және ХҚЕС (IAS 2) «Қорлар» стандартына сәйкес тауарлық-материалдық қорлар ретінде жіктелген. Бұл активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша танылған және сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеу өзгерген жағдайда өділ құн бойынша қайта бағалауға жатады.

9 Несиелік қаражаттар

